

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:

Топ: Мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 5-9 қыркүйек 2022жыл

Күн тәргібі	Дүйсенбі 5- қыркүйек	Сейсенбі 6-қыркүйек	Сәрсенбі 7-қыркүйек	Бейсенбі 8-қыркүйек	Жұма 9-қыркүйек
Балаларды қабылдау	«Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Балаларды мамандықтармен таныстыру.	«Ас адамның арқауы» Мақсаты:Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру, сұрақ-жауап	Таңертеңгілік шеңбер Нан қиқымын шашпандар Жерде жатса баспандар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастандар.	Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру Ойын: «Көңілді трактор»	Таңғы шеңбер. «Міне біз, міне сен және мен Біз бір отбасымыз».
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл - ды ойындар, үстел үсті ойындары , бейнелеу	«Ұшты-ұшты» Мақсаты: Балалар әуеде ұшатын заттарды ажырата алады	«Мен дәрігер боламын» Мақсаты: Балалар бір - бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады.	«Әдемі үйшік» Мақсаты: Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады	«Шаштараз» Мақсаты:Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді.	«Тәрбиеші апайлар» Мақсаты: Өздерін апайларының орынына қоя алады

әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					
Таңертеңгі жаттығу	Көңілді шеңбер «Амандасайық» Ертеңгілік жаттығу	Музыкалық ырғақ «Біз баламыз шыныққан» Ертеңгілік жаттығу.	Таңғы шеңбер «Денсаулық ол-шынықсаң» Ертеңгілік жаттығу.	Таңертеңгілік шеңбер «Кел жарысайық» Ертеңгілік жаттығу	Шынығайық бәріміз «Шынықтыру жасап біз, мықты болып өсеміз» Ертеңгілік жаттығу
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сабаққа біз даярмыз Жалқаулықты қоямыз, Үздік оқып әрқашан, Кілең бестік аламыз!	Кел, балалар, күлейік! Күл кіменен түлейік! Қабақ түйген не керек! Көңілді боп жүрейік!	Бір, екі, үш, Сынып іші тып-тыныш. Жалқаулықты тастаймыз, Сабақты біз бастаймыз.	Сәлем, достар, Білімдар, Кәне, түзу тұрындар! Мәнді қимыл жасаймыз, Маған назар бұрындар!	Біз қандаймыз, қандаймыз Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз!
Ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Алтын күз Мақсаты: күз мезгілі туралы, табиғат өзгерістері, күзгі адамдар еңбегі туралы ойларын грамматикалық формада және байланыстырып сөйлеуге төселдіру. Жаңа сөздер: ызғар, дымқыл, өңі тайып, жомарт күз. Күзгі табиғатты бақылау.	1.Қоршаған орта таныстыру Тақырыбы: Жыл мезгілдері: жаз, күз. Белгілері Мақсаты: жаз және күз мезгілдерінің маңызды, негізгі белгілерін көрсету, табиғаттағы әр мезгілге тән өзгерістерді айта алу, табиғаттағы өзгеріске байланысты	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Ауылда. Үй жануарлары мен үй құстары Мақсаты: әңгімені балаларға түсіндіру барысында сөздік қорларын толықтыру, сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу, ойлау қабілетін дамыту. Жылы лебіздер. Сұрақ-жауап. Н.Қадырбаев Ауыл әңгімесін оқу.	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Жомарт күз Мақсаты: маусымдық өзгерістер жайлы білімдерін кеңейту, сөздік қорын молайту. Күз туралы сурет бойынша әңгіме жүргізу. Тірек сұрақтар. Жаңа сөздер: элеватор, егіс алқабы, қырман. М.Ә. Алтын күз өлеңін оқу. Ойын: «Табиғат	1.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Жабайы жануарлар Мақсаты: жабайы жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Жабайы жауарлар туралы түсінік.» Хайуанаттар бағына орналастыр» дид-к ойыны. Жұмбақтар

<p>Кайың терекбасынан Сарғыш тартып жапырақ. Жерге түсіп шомылған, Жел үрлесе қалтырап.</p> <p>Ойын «Ненің жапырағы» «Жеміс жинау» ойыны.</p> <p>Ұйқасын тап өлеңі.</p> <p>Ш.А. Бұл қай кезде болады?</p> <p>«Жемістер, көкөніс тер» кимылды ойыны.</p> <p>2. Математика негіздері</p> <p>Тақырыбы: Бірдей.</p> <p>Әртүрлі. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру.</p> <p>Мақсаты: заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру, олардың қасиеттері мен айырмашылықтарын бірдей, әртүрлі деген сөздерді қолдана отырып табу іскерлігін қалыптастыру, геометриялық фигуралар туралы түсініктерін анықтау және қалыптастыру.</p> <p>1-ойын. Сипаттамасы бойынша суретін сал. 2-ойын. Бірдей-</p>	<p>өсімдіктер мен жануарлар тіршілігінде болатын өзгерістерді анықтай алу. Жаз, күз белгілері туралы өлең оқу. Жыл мезгілдері. Сұрақ-жауап. Жаз айлары.</p> <p>Не қайда өседі? ойыны. Аңдар қалай дыбыстайды? ойыны.</p> <p>2. Қазақ тілі</p> <p>Тақырыбы: Менің мектебім</p> <p>Мақсаты: өз мектебі туралы әңгімелей білуге үйрету.</p> <p>Ғажайып сәт.</p> <p>Қонақтар Сәуле мен Арман. Д/ойын:</p> <p>Танысу. Жаңа сөздермен таныстыру. Д/ойын</p> <p>Аудармашы. Өз мектебі туралы әңгімелеу. Мектепке келетін жолы белгіле.</p> <p>3. Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: Қайдан келдің бауырсақ</p> <p>Мақсаты: сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту.</p>	<p>Мазмұны бойынша сұрақтар. Үй жануарлары мен үй құстары тақырыпта әңгіме құрастыру.</p> <p>Айырмашылығын тап ойыны.</p> <p>2. Математика негіздері</p> <p>Тақырыбы: Заттардың белгілерінің өзгеруі</p> <p>Мақсаты: заттардың өзгерістерін көру және өзгерістердің қандай белгілер бойынша орын алғанын анықтау іскерлігін қалыптастыру және дамыту.</p> <p>1-ойын. Жүргізушіні тап. Санамақ. 2-ойын Не өзгерді?</p> <p>Өзгерістердің қандай белгі бойынша өткенін анықтау.</p> <p>Фигуралардың өлшемі, пішіні, түсі бойынша өзгеруі.</p> <p>Геометриялық фигураларды анықтау.</p> <p>Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.</p> <p>3. Қазақ тілі</p> <p>Тақырыбы: Мектеп бөлмелері</p> <p>Мақсаты: мектеп бөлмесінің атын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік ойын. Күн шуағы. Ғажайып сәт.</p>	<p>мейірімді» Дид-қ ойын «Қай ағаштың жемісі»</p> <p>2. Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p>Тақырыбы: Бізді не қоршап тұр?</p> <p>Мақсаты: балаларды жансыз табиғат түсінігімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету. Таза бұлақ өлеңі.</p> <p>Матаны зерттеу. Сұрақ-жауап. Қағазды зерттеу. Қағаздың қасиеттері.</p> <p>Металды зерттеу. Металл заттар мен пластмасса заттарды салыстыру.</p> <p>Магнит. Ойын: жұбы бар заттар. Тағы не істейді? ойыны. Менің достарым дид-қ ойыны.</p> <p>3. Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: Оқу құралдары</p> <p>Мақсаты: оқу құралдарының атын атауға, әңгіме құрастыруға үйрету. байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.</p> <p>Сурет бойынша әңгіме.</p> <p>Дид-қ ойын «Заттың атын атаңдар» Дид-қ ойын «Қол</p>	<p>шешу.</p> <p>Түлкі, аю. Жабайы жануарлар корегі. Ә.Д. Піл өлеңін оқу. Сурет бойынша әңгіме құрастыру, тапсырмаларды орындау.</p> <p>2. Математика негіздері</p> <p>Тақырыбы: Заттарды топқа біріктіру және оларды топтарға бөлу.</p> <p>Мақсаты: Заттарды топтарға біріктіру, оларды топтарға бөлу және берілген белгілері бойынша заттарды топтан ажырату іскерлігін қалыптастыру, жиынтық, жиынтық элементтері түсініктерімен танысу, тұтас бүтін ретіндегі жиынтық туралы түсінікті қалыптастыру.</p> <p>1-ойын. Жиынтық жина. 2-ойын. Жиынтықтарға бөл. 3-ойын. Не қалады? Заттардың жиынтықтарға қандай белгілер бойынша біріктірілгенін анықтау.</p>
--	--	---	---	--

<p>эртүрлі.Командалар бойынша жұмыс.3-ойын.Затты ата. Заттарды пішіні және өлшемі бойыншасалыстыру.Геометриялық фигуралар туралы түсініктерді анықтау. Фигураларды пішіні және өлшемі бойыншасалыстыру.Фигураларды түсі, өлшемі бойынша салыстыру. Заңдылықтарын анықтау. Ұсақ қол моторикасын дамыту.</p> <p>3.Сауат ашу негіздері Тақырыбы:Күз кереметі Мақсаты:күз мезгілінің ерекшеліктері туралы сөйлем, әңгіме құрастырту. Жазуға қолдарын жаттықтыру.Жұмбақтар шешу.Жеміс, сәбіз,қарбыз.Сөздік жұмысын жүргізу. Дәміне қарай ажырат дид-қ ойын.Суреттер бойынша жұмыс. Бақшада және Бақта</p>	<p>Диалогты сөйлеуге үйрету. Жұмбақ жасыру. Бидай.Ө.Т.Қайдан келдің,бауырсақ? өлеңін оқу.Дид-қ ойын «Не жасыранғанын тап» Ас атасы-нан мақал. Сюжетті-рөлді ойын: «Дүкенші»</p> <p>4.Музыка Тақырыбы:Білімің-бұлағың Мақсаты: Білімің - бұлағың Мақсаты:музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту.Шаттық шеңбері арқылы жылы лебіздерін білдіру.Музыкалық ырғақтық қимылдар қояндар,аю,түлкі,қасқыр.Музыкатыңдау.Қосалқа. Ән айту. Білімің бұлағың. Жұптасу биі.</p>	<p>Дид-қ ойын Тыңда,көрсет,қайтала.Сөздермен таныстыру. Ойын «Біз саяхат жасаймыз» Д/ойын «Аудармашы»</p> <p>4.Дене шынықтыру Тақырыбы:Денсаулықтың құпиялары Мақсаты:орташа шапшаңдықпен жүгіруге және жүгіру барысында бір қалыпты тыныс алуды үйрету. Күлімде,досым ойын жаттығуы.Құралсыз жалпы дамыту жаттығуларын орындау.Негізгі қимыл-қозғалыстар. Мұқият бол ойын жаттығуы.Қимыл-қозғалыс ойыны «Бос орын» «Өз-өзіңе кел» психологиялық қозғалыс жаттығуы.</p>	<p>соғу»Жұмбақтар.Шешуі: қалам,бор,кітап,мектеп,қоңырау.</p> <p>4.Музыка Тақырыбы:Нота үйренейік Мақсаты:шығармалардың эмоциалық мазмұнын, олардың сипатын,көңіл күйін,әсерлі реңктерін ажырату. Музыкалық –ырғақтық қимылдар.Марш.Музыка тыңдау.Гүлдерайым.Ән айту.До-ре-ми.Билер. Жұптасу биі.Ойындар, хороводтар.Сиқырлы ағаш.Музыкалық аспапта ойнау.Еркем-ай.</p>	<p>Фигураларды жиынтықтарға көрсетілген белгі бойынша бөлу.Затты жиынтықтан кейбір белгісі бойынша бөліп алу. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.</p> <p>3.Шығармашылық іс-әрекет Тақырыбы:Күзгі жапырақтар Мақсаты:жапырақтың суретінсалуды,мүсіндеуді, қағазды қатпарлап бүктеу арқылы жапырақтың жиектерін иректен қиюды үйрету. Жұмбақ. Жиын-терін болатын, Қамбаға астық толатын, Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойладың? Күз мезгілінің ерекшелігі мен ағашжапырақтарының түрлері туралы әңгіме. Жұмыстың жасалу жолын көрсету және ұйымдастыру.Балалар шығармашылығы.</p>
---	---	--	---	--

	<p>тақырыбында әңгіме құрастыру. Жемістерді себетке жина дид-қ ойыны.</p> <p>4. Дене шынықтыру Тақырыбы: Спортзалда ойнаймыз Мақсаты: допты ілгері бағытта оң аяқ және сол аяқ үстінің ішкі жағымен алып жүруге үйретуді жалғастыру. Миға арналған гимнастика. Теңгерім түймесі жаттығуы. Энергетикалық есінеу жаттығуы. Тыныс алуды қалыпқа келтіру. Тепе-теңдік сақтау. Футбол. Қимыл-қозғалыс ойыны. Қармақ.</p>				<p>4. Дене шынықтыру Тақырыбы: Күлкі сыйла Мақсаты: қозғалыс барысында сап түзеп жүру дағдыларын жетілдіру, жұп боп жүру мен жүгіру кезінде өз қозғалыстарын келісіп жүруге үйрету. Менің денем. Жалпы дамыту жаттығуларын таяқпен орындау. Құрсаудан құрсауға 2 аяқпен секіру. Негізгі қимыл-қозғалыстар. Ойын «Қайда жасырынғанын тап»</p>
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуен	Серуен картотекасы №1	Серуен картотекасы №2	Серуен картотекасы №3	Серуен картотекасы №4	Серуен картотекасы №5
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.	Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.	Жеке жұмыс этикет ережелерін сақтауын қадағалау.

	шкафтарына орналастыру.		бала. Ал егерде ол жуынбаса – ештеңе деп аталмайды ол бала.		
Балалардың үйге қайтуы	Сау болыңыз	Амандықта жолыққанша	Кездескенше	Ертеңге дейін	Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу.